

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

«Менің Отаным –Қазақстан»
(Кеңейтілген ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Білімділер бекеті» ересек топ

Тәрбиеші: Құлбарақова А.А

Қызылорда 2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің Отаным –Қазақстан»

Міндеттері: Балаларға тәуелсіздік туралы ұғындыру, патриоттық сезімдерін ояту. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру. Ойындар арқылы балалардың мерекелік көңіл күйлерін көтеру.

Қажетті заттар: Елбасы Қ К Тоқаевтың портреті, Қазақстан Республикасының туы елтаңбасы, әнұраны. Тәуелсіздікке байланысты суреттер, ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Барысы:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

-Балалар, біз қандай ән орындадық?

-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.



-Дұрыс айтасындар, балалар. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз.

Балалар, біздің бүгінгі күніміз ерекше болады. Себебі бүгін бізде балабақшамызда үлкен мереке-Тәуелсіздік күні.

Ойын: «Ғажайып дорба»



Балалар қапшықтан асықты алып сұраққа жауап береді.

1. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
2. Біз қандай ұлтпыз?
3. Біздің Отанымыз қалай аталады?

4.Біз тұратын қала?

5.Біздің балабақшамыз қалай аталады?

6.Қазақстанның астанасы қай қала?

7.Елбасымыз біздің президентіміз кім?

8. Біздің мемлекетімізде қандай қалаларды білесіңдер?

Балалар біз тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.Әрине ол Тәуелсіздігіміздің арқасында.



Қазір біздің еліміз тыныш, жақсы өмір сүріп жатырмыз

-Балалар еліміздің рәміздерін есімізге түсіріп жіберейікші

Балалар: Ту,Елтаңба,Әнұран

Біздің тәуелсіздігіміздің дәлелі -ол біздің елтаңбамыз,туымыз және де әнұранымыз.Қолдарымыздағы жалаушаларға назар аударайықшы.Бұл біздің-туымыз. Біздің туымыздың ортасында сәуле шашқан жарқын күніміз орналасқан.

-Біздің күннің пішіне неге ұқсайды?-Дұрыс айтасыңдар допқа,шарға ұқсайды.Ал күніміздің астыңғы жағында қыран бүркітіміз орналасқан.Қыран бүркіт бұл еркіндіктің,бостандықтың белгісі.

-Елтаңба алтын және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның қайраттың нышаны. Жұлдыз – жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Ендеше жаңа айтқан күніміздей шеңбер болып тұра қалайық.

Сергіту сәті:

Топ-топ,топ басайық,

Жалаудан күн жасайық.

Жаса,жаса алтын күн

Жаса,жаса жарқын күн.

Дидактикалық ойын: «Қандай сурет жасырылған»



Балалар Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

1.Парасат

Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Мерекеге ел тосқан,

Атам менен барғанмын.

2.Омар

Аралаймын алаңды

Тәуелсіздік күні мен

Батыр Қайрат ағамның

Суретіне үңілем.

3.Әлинұр

Отан-сенің ата-анаң,

Отан-досың, бауырың.

Отан-өлкен, астанаң,

Отан-аудан, ауылың.

4.Жәния Т

Отан дейміз от жаққан жерімізді.

Отан дейміз өсірген елімізді,

Отан дейміз туған жер атамекен

Биіктау,орман,тоғайкөлімізді.

Ойын: «Тақия тастамақ»



Ойын: «Көлеңкесін тап»



Дамытушы орталықта мерекелік «Ашық хат» жасау.



Ән: Сабина «Отаным»

Шығармашылық жұмыс банкаға көк түсті бояуды құю арқылы көк туды шығару.



Ән: «Көк тудың желбірегені»



Қорытындылау: Балалар еліміздің ең ақылды , білімді , ең бақытты азаматы болайық.

Жарайсындар балалар , сендер өз Отандарыңды қалай сүйетіндеріңді дәлелдеп бердіңдер.Осылай еліміз, жеріміз гүлдене берсін, жайнай берсін.